

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Jeremy Butterfield. Fowler's Concise Dictionary of Modern English Usage 3rd edition.- Oxford University press.- P.378
5. William Shakespeare. The tragedy of King Lear. An Electronic classic series publication. - P.8
6. Campbell, W. Joseph (2001). Yellow Journalism: Puncturing the myths, defining the legacies. Westport, CT: Praeger. p.32–33
7. [J.Jefferson Looney](#). The papers of Thomas Jefferson. -Princeton University Press. 2004

ӘОЖ 391.5.614:245.815

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байбулатова А.А.

baibulatovaa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, филология
факультеті

Ғылыми жетекші, аға оқытушы - Байгаж А.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргетасын бірге қалаймыз» атты 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңартуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген.

Мультимедиялық технологиялар – бейнелік және аудиоэффектілік әр түрлі мульти-бағдарламалық мүмкіндіктерді интербелсенді бағдарламалық жабдықтарының басқаруымен орындай алатын электронды құжаттарды дайындай тәсілі.

Ағылшын тілінің жаңа материалды меңгеру сабағында, жазбаша жұмыстарды орындауда, аудио және видео жазбаларды тыңдау, оқу сабақтарында, тақырып пен тарауды оқуды аяқтау кезіндегі қайталау сабақтарында, білімді тексеру сабақтарында мультимедиялық қондырғылар кеңінен қолданыс таба алады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары әдістемеге енгізілген сабақтарды компьютер арқылы модельдеудің танып білуіне, оның қолданылу деңгейін біліп жұмыс істеуінің маңызы зор болып отыр. Сондықтан, біз өзіміз құрған жүйеміздің бір элементі етіп компьютердің виртуалды саяхат сабақтарын аламыз.

Қазіргі кездегі компьютерлік және инновациялық мультимедиялық технологиялар оқу үрдісін толықтыруға мүмкіндік жасайды. Көп жағдайда, кейбір шет тіліндегі құбылыстар мен көріністерді мектеп жағдайында көрсету мүмкін емес, сонымен оқытудың бейне – мультимедиялық бағдарламаларының көрсететін көмегі өте зор. Бірақ, бұндай бағдарламалардың рөлін көтеріп жіберуге болмайды. Себебі, ешқандай нәрсе нақты шет елде болудың тәжірибесін алмастыра алмайды, яғни, ол жерде зерттеуші шет елдік ортада болатын құбылыстарды «виртуалды нақтылықта емес» жағдайды көреді. [1, 34]

Біріншіден, жаңа материалды түсіндіру барысында демонстрациялық үлгілерді көрсетуге болады. Осындай демонстрациялар өте көрнекі және оқушылардың тақырыпты түсінуіне ғылыми дүниетанымының оянуын жақсартады да, олардың пәнге деген қызығушылығын тудырады. Демонстрациялардың кәдімгі бейне-оқу фильмдерден артықшылығы, мұғалім бағдарламаның параметрлерін өзгерте отырып, оқушылардың «Егер былай болса, қалай болады?» деген сұрағына, «ал, ендеше көрейік...» деп жауап бере алады.

Екіншіден, бағдарламаны ағылшын тілінде сөйлеу практикумы ретінде қолдануға болады. Бұл сабақтарды компьютерлік сыныптарда өткізген дұрыс. Бұл жағдайда әрбір оқушы зертханалық жұмысты жеке, өз бетімен орындайды. Осындай зертханалық

практикумдарға оқушылар алдын-ала теориялық дайындықпен келуі, олардың эксперименттік қондырғылармен саналы түрде жұмыс істеуіне және олардың пәнді тереңірек түсінуіне әсерін тигізеді. [2,105]

Үшіншіден, бұл бағдарламаны эксперименттік бейне-мультимедиялық саяхаттарды жүргізуде пайдалануға болады.

Төртіншіден, осы бағдарламаның негізінде жобалар мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Бағдарлама теориясы мектеп бағдарламасының аумағынан шығатын күрделі ағылшын тіліндегі үдерістер мен құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, дайын бағдарламаны пайдаланып, оқушылар білімін тексеретін тест сұрақтарын көрнекі түрде оқушылардың ағылшын тілдік дүниетанымын тудыратындай етіп дайындауға болады [3, 43].

Бүгінгі таңда ағылшын тілі пәні бойынша электронды оқулықтар жасалып, кеңінен қолданысқа ие. Электронды оқулықтың тиімділігі суретінің тартымдылығы, мазмұны, құрылымы, бірізділік жүйесімен баурап алады. Осындай оқулықтар барлық пәндерден түбегейлі қолданылса нұр үстіне нұр болары хақ. Бүгінгі таңда ғаламтормен, компьютермен жұмыс жасау өміріміздің мәніне айналды. Электронды құралдардың бірден бір тиімділігі:

- материалдардың алуан түрлілігі: аудиомәтіндер, суреттер, сызбалар, жұмбақ-сызбалар, бейнематериалдар, презентациялар және т.б.
- тапсырманың бірізділікпен берілуі;
- өз бетінше шығармашылық ізденуі;
- ақпаратты сұрыптай алуы;
- алған білімді бекітіп, пысықтай алуы;
- белгілі бір өсу сатысына көтерілуі;
- ойының ұшқырлығы;
- ғылыми жобалар ұсынуы.

Электронды оқулықтағы сан алуан қызықты материалдар, тест түрлері, диалогтық оқу түрлері, кестелер, сәйкестендіру тапсырмалары, мәтін түрлері және құрылымына байланысты тапсырмалар оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі, шығармашылыққа жетелейді, өз бетінше ізденіп, көш озық болуына итермелейтіні анық.

Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде оқушылар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуға, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсетуге болады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Алдын-ала дайындалған презентациялар, графиктік сызбалар, мәтіндік ақпараттар, бейне және аудио материалдар, алдын ала үйлестірілген жаңа сабақты меңгертуге арналған ойындар, гиперсілтемелер арқылы сабақтың оқушы үшін қызықты да, тартымды өтуіне көмегін тигізеді. [4, 113]

Компьютер мен интернет оқу процесінің қажетті құралы мен бөлінбес бөлшегіне айналғандықтан, заманауи технологиялар алып жүруге ыңғайлы, бұрынғыға қарағанда қол жетімді, тиімді және пайдалануға оңай болып, ақпараттық технологиялар мен интернеттің мүмкіндіктеріне кең есік ашты. Телефондар, қалта компьютерлері сияқты мобильді құрылғылар стол жеке компьютерлерге қарағанда әлдеқайда арзан бағада сатылады және олармен салыстырғанда интернетке қосылу ақысы да әлдеқайда төмен бола бастады. Мұндағы қалта компьютерлері, планшеттер, телефондар мен жеке компьютерлердің функцияларының мүмкіндіктері бірдей болып келетіндіктен, қалта компьютерлерін өзімен бірге алып жүріп, кез-келген жерде, кез-келген уақытта қолдану әлдеқайда тиімді болып, білім беруде тиімді қолдануға мүмкіндіктер туғыза бастады. Осы мүмкіндіктердің арқасында мобильді құрылғыларды тіл үйренуде де тиімді қолдануға болатыны ескеріліп, 2000 жылдың басынан бастап, шет тілін оқыту әдістемесіне байланысты біраз зерттеулер жүргізіле бастады. Жаңа шығарылған әр технология тіл оқу мен оқыту әдіс-тәсілдері мен құралдарына үлкен әсерін тигізіп, тіл оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізе бастады.

Сәкейсінше, Қазақстанда да тілдерді үйретуге байланысты мобильді құрылғылардың тиімділігі жөніндегі зерттеулер мен оқулықтар әлі күнге дейін тапшы. Сондықтан мобильді құрылғыларды тіл үйренуде қолдану негізінен оқулықтарға қосымша жұмыс парақшалары мен жұмыс кітапшалары сияқты көмекші құрал ретінде ғана құрастырылуда.

Біз технологиялары күн санап жаңарып, жоғары жылдамдықпен дамып, түрленіп жатқан ХХІ ғасырда өмір сүреміз. Небәрі 1-2 жыл уақыт ішінде пайда болып, сол сәттен кең қолданысқа еніп жатқан технологияларға кейде ілесе де алмай жатамыз. Аталған технологиялардың ішінде жалпыға ортақ тиімді, барлық салада қолданылып келе жатқан мультимедиялық электронды құрылғылар да біздің өмірімізге етене еніп, күннен-күнге өз мүмкіндіктерімен таң қалдыруда. Мультимедиялық мобильді құрылғылардың, оның ішінде смартфондардың пайда болуымен смартфондар мен планшеттерге арналған кішігірім – компьютерлік бағдарламалар – қосымшалар (applications) пайда болып, адам сенгісіз жылдамдықпен таралуда. Бұл қосымшаларды онлайн режимінде оңай және тегін жүктеп алуға болады. Ең алғашқы қосымшалар қоры **iTunes App Store** және **Android Market** (қазіргі **Google Play**) 2008 жылы пайда болды. Сол мерзімнен бері **iTunes App Store** 700000 астам, **Google Play** 675000 қосымша шығарып, тұтынушыларға ұсынды.

Осы қосымшалар арасында шет тілін үйретуге немесе үйренуге арналған қосымшалар да жеткілікті. Тілді үйренуге арналған қосымшалар тек қана **сөздік қорды** (vocabulary) немесе **айтылымды** (pronunciation) оқытуға дейінгі қосымшалардан бастап, жан-жақты ұйымдастырылып, құрастырылған қосымшаларға дейін бар.

Тәжірибе барысында өз тиімділігін дәлелдеген қосымшалардың бірі ол – **Nearpod** – мұғалімге бүкіл сабағын жоспарлап, iPad планшеті арқылы өз оқушыларымен бөлісуіне арналған “all-in-one” бағдарламасы. “All-in-one” деп аталуының себебі, мұғалім сабағын түгелімен дерлік осы қосымша негізінде ұйымдастыра алады. Сабақ мазмұнын ұйымдастыруда мұғалімге беретін мүмкіндіктері қатарында:

- **Өз презентациясын жасау** (немесе тақырыбы мен пәніне байланысты тегін, дайын презентацияларды қосымшаның өз қорынан алуға болады);
- **Сұрақ-жауап** – жаңа тақырыпты пысықтау немесе қайталау үшін сұрақ-жауап құрастыруға болады;
- **Анкета**
- **Сауалнамалар**
- **Видео материалдар** (мұғалім өз видеосын немесе Nearpod қорының видеоларын пайдалануға болады);

Сурет салу, т.б.

Оқушылардың тапсырманы орындау барысы мен уақыты және оқушының аты-жөні мұғалімнің планшетінде белгіленіп тұрады. Демек, сыныпта бос отырған немесе тапсырманы орындамай отырған оқушы мүлдем болмайды. Мұғалім мен оқушылардың Nearpod қосымшалары екі түрлі болғандықтан тек мұғалім ғана оқушылардың іс-әрекетін бақылай алу мүмкіндігіне ие. Бұл мұғалімге лезде жауап алып (feedback), оқушыларды бағалауға немесе қатемен жұмыс жасауға таптырмайтын мүмкіндік болып табылады. Оқушылар бір-бірінің жұмысын көре алмайды. Яғни, осы бағдарламаның келесі артықшылықтарын анықтай аламыз:

- Сабақты ұйымдастыруда әр түрлі интерактивті тапсырмаларды қолдану;
- Дайын сабақтарды жүктеп алу;
- Сыныпты толығымен бақылауда ұстау;
- Бағалаудың нақты, әділ жүйесінің болуы;
- Оқушы білімін тексерудің бірнеше жолдарының болуы және нәтижесін басып, шығарып алу мүмкіндігі;
- Сабаққа келмеген оқушыға электронды поштасы арқылы сыныптағы тапсырмаларды жіберу;

- Қашықтықта отырып, тапсырмаларды орындау, себебі мұғалім мен оқушының бір интернет желісінде жұмыс жасауы міндетті емес;
- Оқушыға тіркелу қажет емес, яғни бір ғана ортақ PIN-код арқылы жұмысты бастау, бұл өз кезегінде Nearpod-ты басқа пәндерде де қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гиркин И.В. Новые подходы к организации учебного процесса с использованием компьютерных технологий // Информационные технологии. №6. – 2008. – 391 б.
2. Аленичева Е., Монастырев Н. Электронный учебник // Высшее образование в России. №1. – 2011. – 223 б.
3. Щеглов С.Г. Подготовка учителя к использованию на уроках электронных учебных изданий // ВКО ИПК ПРО. – 2005. – 115 б.
4. Г.Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011, №3 – 60 б.

ӘОЖ 372.881.111.1:811.111

АРНАЙЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БИЗНЕС АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бапай Басболат

b_basbolat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы және тәжірибесі
кафедрасының 4-курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD.доцент Досжан Гүлжан Амангелдіқызы

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында жасаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», -деп алдымызға мақсат қойды.[1] Сондықтан да болар, қазіргі таңда шет тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру отандық педагогикадағы іргелі міндеттердің біріне айналып отыр. Елімізде «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасы мемлекет саясатының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Ағылшын тілі - жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде қалыптасты. Халықаралық қатынастар мен бизнес, туризм және озық технология, әлемдік экономика мен саясат, білім және ғылым саласы, құқық пен мәдениет салалары бойынша әлемдік аренада негізгі қолданыстағы тіл болып табылады. Осы себептен, ағылшын тіліндегі арнайы терминологияларды қалыптастыру іскерлік қарым-қатынас орнатудағы өзекті мәселеге айналып отырғандығын атап өтуіміз керек.

Ағылшын тіліндегі іскерлік қарым-қатынас дегеніміз – жазбаша және ауызекі сөйлеу тілінің функционалды байланысы, ол іскерлік мақсатта қолданылады. Жалпы қолданыстағы іскерлік – терминологиялар істің басты түсініктерімен таныстыра отырып, өзге салалармен тығыз қарым – қатынасқа түсуіне ықпал жасайды.[2] Бизнес – бұл жеке дара тұлғаның өзіне ғана сеніп, барлық болуы мүмкін ықтималдылықтарға бекініп, капитал деңгейін көтеру үшін ақша арқылы табыс табу мақсатында қызмет жасайтын жүйедегі экономикалық құрылым. Яғни бизнес дегеніміз - ақша, пайда, табыс, билік, бәсекелестік, жұмыс, компания, мәміле, келісім-шарт, конференция, туризм, өнер, спорт, алдау, алаяқтық, соғыс, қылмыс, шоу.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясындағы айтылған мәлімдемесінде «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын ағылшын тілі